



Таңбалау жүйесіне қатысатын шетелдік компаниялар Қазақстанға келмей-ақ ЖСН ала алады

Ендігі жерде таңбалау жүйесіне қатысатын шетелдік фармацевтикалық компаниялар Қазақстанға келмей-ақ ЖСН алатын болды.

Бұған 2025 жылғы 18 сәуірде күшіне енген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің бұйрығы мүмкіндікті бермек. Бұл қажат “Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету” пилоттық жобаны іске асырады.

Бірыңғай таңбалау және қадағалау операторының дәрілік заттарды таңбалау жобасының жетекшісі Анар Кәрібаеваның айтуынша, бүгінде Қазақстанда 28 елден келген шамамен 130 шетелдік өндіруші компанияның дәрі-дәрмектері сатылуда.

«Жоба аясында шетел азаматтары «Тауарларды таңбалау және қадағалау» ақпараттық жүйесінде жұмыс істеу үшін қажет ЖСН-ды жылдам әрі оңай ала алады. Бұл бастаманың маңызды бөлігі – ЖСН-ды Қазақстаннан тыс жерде алу мүмкіндігі. Бұл шетелдік компаниялар үшін жағдайды жеңілдетіп, Қазақстан нарығына шығу процесін жылдамдатады», – деді Анар Кәрібаева.

Пилоттық жоба Қазақстанда дәрі-дәрмек өндірумен және/немесе импорттаумен айналысатын шетелдік азаматтар үшін әкімшілік процестерді жеңілдету мен жаңғырту мақсатында қолға алынды. Ол мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу, бизнес тіркеу және басқа да әкімшілік рәсімдер үшін қажет ЖСН-ды жедел алуға мүмкіндік береді. Аталған жобы осы жылдың соңына дейін қолданыста болады.



Президент Ақтаудағы көтерме саудатарату орталығын аралап көрді

Мемлекет басшысына азық-түлік қауіпсіздігін сақтайтын мұндай нысанның аймақта алғаш рет салынғаны жөнінде баяндалды. Аталған орталық өңірді азық-түлікпен қамтамасыз ету, тұтынушылармен арадағы делдалдарды азайту және өнім

бағасын төмендету мақсатында бой көтерген.

Аумағы 80 мың шаршы метр болатын кешенде 40 мың тонна өнім сақтауға болады. Жобаны жүзеге асыруға 5 миллиард теңге инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін орталықтың екін-

ші кезеңін іске қосу жоспарланған. Қазіргі кезде өнім жеткізумен айналысатын отандық ірі кәсіпкерлермен келісімшарт жасау жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

Жеңістің 80 жылдығына арналған еларалық жиын

Санкт-Петербургте ТМД Парламентаралық Ассамблеясының 58-пленарлық отырысы өтті. Оған Достастық елдер парламенттері палаталарының басшылары мен депутаттары қатысты. Қазақстан делегациясын Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев бастап барды. Сапар аясында ол Жеңістің 80 жылдығына арналған ТМД ПАА-ның салтанатты отырысында сөз сөйледі және маңызды екіжақты кездесулер өткізді.

Мәулен Әшімбаев салтанатты кездесуге қатысушыларға ілтипат білдіріп, ел азаматтары үшін Жеңіс күні ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Еліміз Жеңіске айтарлықтай үлес қосқан негізгі индустриялық және гуманитарлық орталықтардың бірі болды. Майданға аттанған 1 млн 200 мың қазақ азаматының жартысынан көбі елге оралған жоқ. Сондай-ақ 500-ден аса отандасымыздың Кеңес Одағының Батыры атанғаны айтылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз ұлтымыздың қаһарман ұл-қыздарының арқасында алаңсыз еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Сол үшін оларға мәңгі қарыздармыз. Ешкім де ешқашан ұмытылмайды!» деп нақты атап өтті. Мемлекет басшысының бастамасымен былтыр «Айбын» орденінің дәрежелеріне аты аңызға айналған батырлар Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы және Рахымжан Қош-



қарбаевтың есімдері берілді. Биыл 7 мамырда Астанада Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған әскери шеру өтеді. Бүкіл ел бойынша Ұлы Жеңіс күнін атап өтуге қатысты белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында конференциялар мен көрмелер, концерттер мен әскери-патриоттық акциялар, спорттық жарыстар мен ғылыми-ағартушылық жобалар бар. Елді мекендерге, көшелерге, мектептерге ардагерлердің есімдері беріліп жатыр. Жеңістің 80 жылдығына орай қолдау шараларына қосымша әрбір ардагерге 5 млн теңгеден біржолғы төлем беріледі. Бұл – ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Мұның

бәрі тарихты дәріптеуге және еліміздегі ұрпақтар сабақтастығын сақтауға деген ұмтылысымыздың жарқын көрінісі, – деді Сенат спикері.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев ардагерлерге құрмет көрсету, халықаралық форумдар мен ғылыми конференциялар және Жеңістің 80 жылдығы аясында түрлі мемлекеттерде өтіп жатқан патриоттық акциялар ортақ тарихты дәріптеуге қосылған үлес және ұрпақтар сабақтастығының негізі екенін айтты.

Сағадат Нұрмағамбетов, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова және қазақ халқының мыңдаған ұл-қыздарының есімдері біздің ортақ тарихымызға

мәңгілікке жазылды. Алматыда құрылған, аты аңызға айналған 316-дивизия жауынгерлік даңқ шежіресінде айрықша орын алады. Генерал Иван Панфиловтың басшылығымен дивизия жауынгерлері Мәскеу үшін шайқаста ерліктің озық үлгісін көрсетті. Панфиловшы батырлар табандылық пен қайсарлықтың символына айналды. Дивизия қатарында белгілі әскери тактик, Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы да шайқасты. Лейтенант Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тікті, – деп М.Әшімбаев қазақ халқының Жеңіске қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар ол ТМД ПАА Кеңесінің жұмысына және Ассамблеяның пленарлық отырысына қатысты. Одан бөлек, Парламент депутаттары негізгі салаларға қатысты және өзара мүддені білдіретін модельді заңдар топтамасын қарады. Бұл нормалар алдағы уақытта заң шығару қызметінде пайдалануға ұсынылады.

Отырыс алаңында Сенат төрағасы парламенттік делегациялардың басшыларымен маңызды екіжақты кездесулер өткізді.

Сондай-ақ ТМД ПАА парламенттік делегацияларының басшылары мен мүшелері соғысқа қатысқан жауынгерлерді еске алуға арналған мемориалға гүл шоқтарын қойды.



АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАҢА КІТАПХАНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Аудан орталығында мәдениеттің маңызды ордасына айналатын жаңа кітапхана ғимаратының құрылысы басталды. Заманауи талаптарға сай жабдықталатын кітапханада оқу залдары, ақпараттық ресурстар орталығы, балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы бөлімдер қарастырылған.

Құрылыс алаңының жалпы аумағы-2 536, ғимараттың өзі -496 шаршы метрді құрайды.

Асфальтталған жолдар, жасыл аймақтар, көгалдандыру жұмыстары мен жарықтандыру жүйелері де жобадан толық қамтылған. Кітапханаға кіреберіс алаң және автотұрақ орындары қарастырылған. Жоба климаттық және сейсмикалық жағдайлар ескеріле отырып жасалған.

Құрылыс алаңына арнайы барған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жауапты мамандарға нысанның сапасына

қатысты талаптарды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Сонымен қатар, аудан басшысы Шолаққорған ауылындағы ішкі көшелерде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың барысымен танысты. Орталық маңызы бар С.Қожанов және Жібек жолы көшелерін аралап, көшенді жөндеу және абаттандыру жұмыстарының сапасын жіті

бақылады.

Шымкент бағытынан кіреберіс Ерімбетов көшесінен бастап жаңадан төселген аяқжолмен жүріп өтіп, сапасына назар аударды.

Сондай-ақ, Шолаққорған-Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аумағында болып, отырғызылған тал көшеттерінің жай-күйімен танысты. Өнімділігін арттыру бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеді.

АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтті. Жиынға салалық орынбасарлар, бөлім басшылары, ауылдық округтер мен кенттердің әкімдері қатысып, алдағы уақытта ауылдық округтер мен кенттерде атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Мәжіліс барысында аудан басшысы әр ауылдық округтегі жоспарланған жобаларды жеке-жеке саралап, маңыздылығына тоқталды.



«Әрбір бастама – ел игілігі үшін. Сондықтан, жобаларды жүзеге асыруда ұқыптылық пен жауапкершілік бірінші орында болу керек. Немқұрайлылыққа жол жоқ. Халықтың мұң-мұқтажына шынайы жауап беретін, нақты нәтиже беретін істерге басымдық берілуі тиіс», – деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеп, әр қаржының тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қадағалауды тапсырды.

Сайланған әкімді тіркеу туралы СОЗАҚ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 20 сәуірдегі отырысында Сызған ауылдық округінің әкімі

ретінде:

1982 жылы туылған, Созақ ауданы Қозмолдақ елді мекен тұрғыны, «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясынан ұсынылған, ұлты қазақ Жаппаркулов Базар Рахманбердиевичті тіркеді.



ЖҰМЫС ТОБЫН ҚҰРУ БАҒЫТЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Созақ аудандық полиция бөлімінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манапованың ұйымдастырумен ҚР Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі шараларды әзірлеу шеңберінде ведомствоаралық жұмыс тобын құру бойынша дөңгелек үстел өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары А.Ешанкулова, Созақ АПБ бастығының орынбасары Н.Ерман, «Отбасын қолдау орталығының» директоры Елибаев Адиль Камалұлы, «Отбасын қолдау

орталығының» құрылымдық бөлімше басшылары Саржанов Біржан Рысбайұлы, Тайбек Нұрхан Аманжолұлы, аудандық аналар кеңесін төрайымы Райымқұлова Рысты Советқызы, аудандық білім бөлімінің Әдіс-темелік кабинет әдіскері Ерденова Жансая Қалдыбайқызы, аудандық орталық аурухананың психолог маманы Керімбай Айгүл Дүйсенбайқызы, Баптаева Айжан Көшерқызы қатысты.

Созақ АПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Н.Ерман Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қайталама құқық бұзушылықтар жасау тәуекелін бағалау Стандартының 2025 жылдың 22 қаңтардағы №50 бұйрығына сәйкес, отбасылық-тұрмыс-

тық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі шараларды әзірлеу шеңберінде отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасының тиімділігін арттыру үшін ведомствоаралық жұмыс тобын құру, оның құрамына (Ақпарат және қоғамдық даму, Денсаулық сақтау, Мәдениет және спорт Ғылым және білім, Бас прокуратурасының (ІІМ-нің 2023 жылғы 26 маусымдағы №513 бұйрығы) өкілдері кірді. Бұл жұмыс органы міндетінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды

жақсартуға және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын - алуға байланысты міндеттерді шешуді жеделдетуге мүмкіндік береді делінген. Сонымен қатар, ішкі істер органдары тарапынан осы санаттағы тұлғалармен жүргізілетін жұмыс барлық мүдделі ведомстволармен бірлескен кешенді іс-шараларды талап етеді деп баяндамасында таныстырып өтті. Аудан әкімінің орынбасары А.Ешанқұлова аудан көлемінде өмірге қиын жағдайға тап болған адамдарды, отбасыларды анықтап және қолдау көрсетуді ұйымдастырып, осы бағытта қызмет жасауға шақырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Ардагер ұстаздардың құрметіне дәрісханалар ашылды

Аудан орталығында орналасқан А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектепте ардагер ұстаздардың ерен еңбегін ұлықтап, есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында тағылымы мол шара ұйымдастырылды. Ізгілікті іс аясында мектептің бірқатар дәрісханалары жаңғыртылып, білім саласында ұзақ жылдар бойы тер төккен ардагер ұстаз-

тоқталды:

–Ұстаз-ұлттың ұлы тұлғасы. Ардагер ұстаздарымыздың атымен аталған дәрісханалар–олардың ұрпақ тәрбиелеудегі еңбегіне деген тағзымымыз. Бұл-болашақ буынға бағыт-бағдар, рухани сабақ болады деп сенемін. Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба береді, – деді аудан басшысы.



дардың атымен аталды.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет пен білім беру саласында еселі еңбек еткен Избалаұлы Төлеген атындағы тарих дәрісханасы мен Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігінің, сондай-ақ ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған Егенов Ата атындағы оқу залы ашылды.

Шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ардагер ұстаздардың білім саласындағы өлшеусіз үлесін атап өтіп, жас ұрпаққа өнеге боларлық бастаманың маңыздылығына

сы.


Салтанатты шарада Түркістан облысының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков және білім саласының ардагері Талымов Жолдасбек сөз алып, ұстаздық жолдың маңыздылығына тоқталды. Өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Олар жастарға рухани мұра қалдырған аға буын ұстаздардың еңбегін жоғары бағалап, жүрекжарды тілектерін білдірді.

Шараға ардагерлер ұстаздардың замандастары мен жақындары да қатысып, елге үлгі болған ұлағатты тұлғаларға деген құрметтерін білдірді.

Ғылыми практикалық конференция қарсаңында

Көне Созақ қалашығының болашақ тағдыры не болмақ

Көптен көкейде жүрген бұл жазбаға қол жұмыс аудан әкімінің бастамасымен келесі айда өткізілгені тұрған халықаралық конференция түрткі болды. Ия, мың жылдық тарихты жастанып, төбе болып томпылып жатқан көне Созақ қалашығының бүгінгі тақдыры Теріскейдің отаны, жанкүйер азаматтарының көбін ойлантырса керек. Солармен қатар марқам Асқар ағамыз айтқандай өзімді «созақшылмын» деп жүрген мені де қатты ойландырады. Ойланып жүріп өмірімнің 66-шы жылы өтіп барады. Алдымен қолда бар тарихи деректер мен ғаламтордағы мәліметтерге сүйене отырып шама-шарқым жеткенше Созақтағы қалашықтардың тарихына тоқталайын. Білмегендер біле жүрер, білетіндердің жадын қайта жаңғыртайық. Қазіргі Созақ ауылында екі көне қала болған. Алғашқысының аты—Тарсатөбе деп аталады. Қала қазіргі ауылдың солтүстік-күншығысына қарай орналасқан. Ал келесісі ауылдың ортаңғы жағында екі өзеннің ортасына орналасқан Созақ қалашығы, оның орны жергілікті халық «Өркөше» деп атайды. Ауылда бір емес, екі бірдей қаланың ізі жатқанын тұңғыш рет айтқан кемеңгер зерттеуші Әлкей Марғұлан болатын. Оның жұмыстарының нәтижесі бойынша алғашқы қаланы (Тарсатөбе) III -XII ғасырларға жатқызуға болады, ал Өркөшедегі Созақта XIII—XVIII ғасырлардың аралығында тіршілік болған дейді. Ә.Марғұланнан кейін Тарсатөбе қаласында айтарлықтай зерттеу жүргізіле қоймаған. Жүргізсе де олардан мардымды деректер жоқ. Десек те, ол қаланың ең кемі мың жылдық тарихы бар екеніне көз жеткізуге болады. Оған дәлел ретінде жергілікті тарихшылар мынандай пікір айтады: бұл қалада ислам діні келгенге дейін отқа табынатындар, яғни тарсалар ғұмыр кешкен. Олардың таспен тұрғызылған бейіттері Қаратаудан Созақтың бір шына дейін жетіп, созылып жатыр. Ол қабірлер осы жерде өмір сүрген ежелгі халықтың болуы әбден мүмкін. Алдыңғы орта ғасырларда будда дінінің негізгі миссионерлері рөлін соғдылар атқарған. Шығыс Түркістандағы буддалық түрік мәтіндерінің терминдеріне жасалған талдау олардың соғдылар арқылы келгенін дәлелдейді. Бұдан бұрын атап өтілгеніндей, VI ғасырдан бастап түріктер будда дінінің күшті ықпалына ұшыраған. Сюань-Цзян батыс түрік қағанының будда дініне ізгі көзқараста болғанын жаздады. Зерттеушілердің пікірінше, VII ғасырдың бірінші жартысында батыс түріктердің кейбір билеушілері будда дініне көшеді немесе будда дініне қамқоршылық етеді. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда будда діні едәуір кең таралады. Тарсатөбе тік төрт бұрышты, екі сатылы, аумақты алаң. Төбенің биіктігі 12 м. Төменгі алаңның ені 65 м, ұзындығы 170 м, айнала бекініс іргелерімен қоршалған. Қазба жұмыстары барысында көптеген



қарапайым қыш ыдыстар табылған. Ең көне түрлері—тұтқалары қой бейнесінде жасалған ыдыстар. VI-VIII ғасырларға тән ыдыстар ішінде оғыз тайпалары мәдениетін сипаттайтын белгілер кездеседі. Тұрғындары мал өсірумен, аңшылықпен және егіншілік кәсіптерімен шұғылданған. Археологиялық қазба нәтижесінде табылған заттарға қарағанда Тарсатөбеде б.з.б. 3 ғасыр—б.з. 9 ғасыр аралығында өмір сүрген. Екіншісі, жергілікті халық Өркөше деп атап кеткен кейінгі Созақ қаласының орны XIII-XIX ғ.ғ. мерзімделеді. Қаланың орнында үлкен қазба жұмыстары жүргізілмеген. Дегенмен осы күнге дейінгі тиіп қашып жасалған зерттеулердің нәтижесі Созақ қаласының 2000 жыл бойы тоқтаусыз тіршілік етіп келе жатқандығын көрсетеді. Бұл көне Созақ қаласының түп тарихы XII-XIII ғасырларға барып тақалады. Себебі, тарихи деректерге қарағанда 370 жыл бойы Орталық Азияда патшалық еткен Қарахан қағанатының өкілі Сатұқ Боғра-ханның бір ұрпағы Қожа Ахмет Яссауиймен замандас болып осы Созақ жерін мекен етіп, осында жерленген. Егер мұнда отырықшы ел болмағанда Бұғра-хан әулие бұл жерге тұрақтамаған болар еді-ау. Екіншіден жаңа Созақ қаласының негізін қалаушы Бұғрахан ба екен, деп те ойлаймын. Себебі жаңа қала оның түйесі шөгіп, мекендеген жерінің дәл қасында. Екіншіден, ол ислам дінін уағыздаушы болғандықтан Тарсатөбеге отқа табынушыларды қаласымен қосып талқандап, өзіне жақын маңнан жаңа қала тұрғызып болуы да мүмкін. Оның сол заманда қала болғандығы мен оның Шығысхан шапқыншылығы кезінде қираған болуы мүмкіндігін Әлкей Марғұлан бастаған археологтардың 1946 жылғы қазба жұмыстары кезінде табылған көне заттарды зерттеу барысында айтылды. Созақ қаласының гүлденген кезеңі Керей мен Жәнібек хандық құрған 1465-1469 жылдардың еншісіне тиесілі. Хан ордасы қашанда халық шоғырланған, тіршіліктің қайнаған ортасы болатыны белгілі. Осы аумақтағы көшпенділер мен жартылай көшпенділер және отырықшы елдің тауар айырбастау және сауда-сатық орталығы болған. Оның үстіне XV-XVIII ғасырлардағы деректемелерде Созақтың ірі экономикалық орталық болуымен қатар

ол Орта Азиядан орталық Қазақстан арқылы Сібірге өтетін керуен жолы болғандығы айтылады. 1480 жылдардың басында Созақ қаласын атасы Әбілхайыр ханның өшін алу үшін жорыққа шыққан Шайбаниден қазақ хандары Бұрындық хан мен Қасым сұлтан қорғап қалады. Яғни Қаратаудың Суындық асуында қамал құрып басқыншыларға ойсырата соққы береді. Сол жеңілістен кейін Шайбани қазақ жерінен үмітін үзіп Хорезмге қарай бет бұрады. 1509 жылы Шайбани ханның қазақ ханы Бұрындыққа қарсы жорығына қатысқан тарихшы, теолог ғалым Фазлуллах ибн Розбехан (1457-1530) Қаратаудың күнгей, теріскей беттерінде отырықшы халық тау өзендері мен бұлақ суларын пайдаланып егіншілікпен айналысқан деген мәлімет қалдырады. Бірақ та сондай гүлденген қаланы Жоңғар шапқыншылары (1723-1727ж.ж.) Отырар сияқты жермен жексен етіп қиратып жіберген. Жергілікті халық жан сауғалап жан-жаққа тозып кеткен. Тарихи деректерге қарағанда жергілікті тұрғындар араға біраз уақыт салып Созақ қыстағына қайта оралып, қираған көне шаһардың үстінен жаңа қалашық тұрғызып екен. Созақ шаһарының бұдан былайғы дамуы Қоқан хандығы дәуірімен байланысады. 1808-1810 жылдары Қоқан ханы Әлімхан Шымкент, Түркістан, Сайрам, Әулиеата, Қарнак, Созақ қалаларын жаулап алады. Қоқан ханы Омарханның (1814ж.) тұсында ескі қамал қалалар жөнделіп, жаңартуға айрықша көңіл бөлінді. Сол тұста Созақ шаһарына да құрылыс жұмыстары жүргізіледі. Яғни, сыртқы қамалды мықтылап, ішінде қосымша ішкі қоршау жүргізілген дейді. Ал, сол жылдары қазір жергілікті халық «ханқараштар», яғни ханға қарастылар, деп атап кеткен кеткен қыстақтың ежелгі отырықшы халқы-өзбектер диханшылықпен айналысып бүкіл қала халқын, сондай-ақ Шу, Сарысу, Арқадан келетін көшпенділерді егіншілік және бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. Олардың қатарына Қоқан хандығының бастамасымен көшіп келген «түркістандық», «қашқарлық», «бұхарлық», «қарнақтық», «дархандық» деп атап кеткен тайпалар қосылып Созақта қол өнер, зергерлік бұйымдары, сауыт-сайман, қарал-жарақ, теріден былғары

илеу, одан аяқ-киім тігу орындары ашылып, қонақтарға шайхана, сауда дүкендері қызмет көрсете бастаған. Бұл туралы 1814 жылы Қоқанға жіберіліп Созақ арқылы өткен Сібір жеке корпусының аудармашысы Филипп Назаров «Орталық Азияның кейбір жерлері мен халықтары» атты жазбасында 1814 жылғы Созақ қаласының жағдайын былайша сипаттайды: Шу өзенінен өтіп, тағы да сусыз құмдармен Түркістанның Созақ иелігіндегі шекара қаласына бардық. Таңертең керуен қаладан 4 шақырым қашықтықта тоқтады. Мен шенеуніктермен және сұлтандармен бірге қала билеушісіне шақырылдым. Ол бізді шай, жүзім, қауынмен қонақ етті, темекі шегетіндерге темекі ұсынды. Содан кейін қаланы тамашалауға рұқсат берді. Қалада бір-біріне тығыз, қатпарлас салынған 500-ге тауыстаған тұрғызылған үйлерді көруге болады. Көшеге кіргенде оны тас қоршаумен қоршалған ба, деп ойлайсыз. Үйлердің терезелері түгелімен аулаға қараған. Бүкіл қалада шеңберге ұқсас бір ғана айналма көше, құды лабиринт сияқты құрылған. Қала төбешік жерде орналасқан. Сырты түгелімен ішінен құлыпталатын биік тас қабырғамен қоршалған. 200 ге тарта адамы бар гарнизон қаланы күзетуде. Оның маңында кедей шаруалардың егістік жерлері мен шашыраңқы киіз үйлері бар. Тұрғындары еңбекқор, егіншілікпен және басқа да халық тұтынатын товарлар өндірумен айналысады және оны Сарысу мен Шу бойынан келген көшпенділерге басқа тауарларға айырбастайды. Олардың әйелдері өте мейірімді және жатырқамайтын қарапайым жандар екен. Соншалықты қызығушылық танытқандықтан көпшілігі біздің керуенімізді көруге келді. Қаланы Түркістан билеушісінің ағасы Сұлтан Шай-Темір басқарады екен. Қоңыр Құлжа біздің жолсеріміз болғандығы үлкен пайда берді. Әйтпесе менің қасымдағы Қоқан хандығының елшілерін қамауға алулары мүмкін екен. Себебі бұл аумақта Қоқан хандығы мен жергілікті билеушілердің ара қатынасы дұрыс емес көрінеді. Аға сұлтан Қоңыр Құлжа Құдайменді қала билеушісімен таныс болып шықты. Сондықтан Қаратау асуына дейін шығарып салушы күзет қосып берді. Мінеки, 210 жыл бұрынғы Созақ қаласы мен оның тұрғындарының сипаты осылай. Оған кейінгі жылдары, яғни 1841 жылы Кенесары хан Созақ шаһарына шабуылдап 18 күн қоршауға алып тұрады. Ағаштан сатылар жасатып қабырғадан асып-түсіп қиянкескі соғыс жүргізеді. Бұл кезде де қала қатты зақымданған болуы мүмкін. Себебі шабуылдан Кенесары барлық қазақтарды Торғайға зорлап көшіреді. Баяғыда көне көз қариялар Созақ шаһары биік дуалмен қоршалған, төрт тұсында төрт қақпасы болған екен, деген әңгімелерді айтушы еді. 1902 жылы туылған, 1970 жылдары бізге сабақ берген ғалым-ұстаз Сәді Насруллаев Созақ

шаһарының сызбасын қалдырған. Онда шаһардың күншығыс жағында Қазы қақпа, күн батысында Мырза қақпа, солтүстігінде Малғара қақпа, оңтүстігінде Айтай қақпа деген қақпалары болған екен. Мына қарт Қаратауға тіл бітсе, қазақтың талай тарихы ашылар еді-ау, деп Тәкен Әлімқұлов атамыз айтқандай, Өркөше аршылса Созақтың мың жылдық тарихы ашылар еді-ау. Бұрынғы қазба жұмыстарын былай қойғанда 2018 жылы «Открытая родина» деген бағдарламамен Созаққа келген оңтүстікке белгілі тарихшы, археолог Алексей Гончаров Өркөшенің төбесін тамашалап тұрғанда бір көмекшісі жердің бетінен тапқан құмыраның сынықтарын әкеліп көрсеткен кезде қарап тұрып біреуі Қарахандар дәуіріне, екіншісі Тимуриттер дәуіріне, үшіншісінің XVIII ғасырға тиесілі екенін дәлелдеп, түсіндіріп берді. Жазбамды қорытындылай келе айтпақ болғаным Өркөшеге тезірек археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу керек! Еш кешеуілдетуге болмайды! Себебі жылдан-жылға жаншылып, жермен-жекпен болып барады. Бұған дейін қазба жұмыстары 3 рет жүргізілгенімен 1946 жылғы Ә.Марғұлан басшылығындағы зерттеу жұмыстардан басқалары мардымсыз болған. Нақты ғылыми зерттеу нәтижелері жоқ. 1946 жылы соғыстан кейінгі экономика әлсіреп, қазба жүргізбек түгілі нанға ақша таппай тұрған мезгіл емес пе еді. Сондықтан Әлкей Марғұлан атамызға өкпе жоқ. Құдайға шүкір, еліміздің қазіргі жағдайын ол заманмен салыстыруға болмайды. Сондықтан түпкілікті археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге үкімет тарапынан қомақты қаржы бөліріп, бардыбар, жоқты-жоқ, деп анықтауға жағдай жасайтын уақыт келді. Осы уақытқа дейін ауыздан-ауызға көшіп келген қалашықта «Хан мазары» деген орын болған, онда қазақ хандарының бірі жерленген деген болжамдарға да нүкте қойылар еді. Астыңғы қабаттағы қалашықтың орны реставрация жасауға келетіндей жағдайда болса ол жерді Отырардағыдай ашық аспан астындағы музей етуге болады. Егерде реставрацияға келмесе ол жерді тегістеп, заманауи өлкетану музейі үшін ғимарат тұрғызуға болады. Созақтағы мектептерде көптеген тарихи жәдігерліктер сақталған. Кейбір үйлерден де сақталып қалған көне жәдігерліктер табылады. Ұзын сөздің қысқасы мен бар ойым мен ұсынысымды айттым. Ендігі жерде бұл ұсынысқа жан бітіру туған жеріміздің жанкүйер азаматы, ауданымыздың әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының қолынан келуі мүмкін. Болашақ конференция осы үмітімізді жалғап, қазақ хандарының тірегі болған тарихи да көне Созақтың тарихын толық зерттелеуге жол ашады, деп үміттенемін.

Камилжан РЫСМЕТОВ,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі,
Созақ ауылы.

Дарбыттан шыққан дарабоз сардар

Ұлы Отан соғысының ардагері, майдангер Сүйгенбаев Жиентай Сүйгенбайұлы 1925 жылдың 10 тамызында Созақ ауданы, Қаратаудың баурайындағы Дарбыт өзенінің (бұлағының) басында, дүниеге келген.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, сол сұрапыл жылдары өз еркімен еріктілер қатарында соғысқа аттанады. Сонымен 1943 жылы 18 жасында соғысқа аттанған. Соғыста пулеметші болып майдан даласында кескілескен шайқастарға қатысқан.

1945 жылдың басында жаудың үздіксіз бомбалауының салдарынан жамбасына снаряд жарықшағы тиіп ауыр жарақаттанады. Сол жарақатымен әскери госпитальда ем алып, соңында дәрігерлік комиссияның шешімімен елге оралуға тура келеді.

Соғыстан жараланып келген майдангер елге келгеннен соң, колхозда табелші, есепші-бухгалтер болып ұзақ жылдар жұмыс істейді.

Еңбек жолын табелші болудан бастап, одан кейін Жеткеншек елді мекенінде есепшінің көмекшісі, «Октябрь» колхозында есепші болып еңбек жолын жалғастырады.

1958 жылдары жаңадан құрылған «Созақ» қаракөл қой совхозының есепшісі болады.

Одан араға екі жыл салып 1960 жылдары Энгельс атындағы совхозда бухгалтер, кассир болып қызмет етті.

1963 жылы қызмет бабымен «Созақ» қаракөл қой совхозына ауысты.

1963 жылы күзде Шолаққорғанға көшіп келіп, Калинин атындағы қаракөл қой совхозында бухгалтер болып толассыз еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шыққанша Калинин атындағы совхозда бухгалтер және кассир қызметтерін бірге атқарды.

Сұрапыл соғыс азабын тартып, жамбасынан тиген снаряд жарықшағы денсаулығына көп зардабын тартқызады. Көп емделуге тура келді. Сол соғыс зардабының салдарынан көп ауырып, Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Ұлы Жеңіс күніне бірнеше күн қалғанда, яғни, 1995 жылы 1 мамырда мәңгілікке көз жұмады.


«Елдің атын ері шығарады, ердің атын елі шығарады» деген халық даналығы бар. Еңбек еткен жеріне, еліне қадірлі болған азамат Жеңістің 50 жылдық мерекесін көре алмаса да Елдің мерекелік марапатына ие болды. Сол кезде қарт майдангерге небәрі 70 жас ғана бұйырған екен.

Сол жылдарды еске алар болсақ талай Отан қорғаған, ел басқарған, халық қадірлеген нарқасқа азаматтар, асыл апа-ағалар өмірден озды ғой. Олардың ерлік еңбектері, жарқын бейне-келбеттері, алып тұлғасы көпшілік есінде мәңгі сақталды. Бүгінгі сәнді де, бақытты тұрмыс, салтанатты өмір сол асыл да ақжарқын ата-бабаларымыздың арқасында деп білеміз.

Ұлы Отан соғысынан аман-сау оралған азаматтар туған елге, халыққа адал қызмет көрсетті. ауыл шаруашылығы саласында қажырлы еңбек етіп, абыройға бөленді. Шаңырақ көтеріп, жар сүйіп, ұл-қыз өсірді. Елдің қалаулысы, дос-жолдастың қадірлісі болды. Терең қабілеті мен біліктілігінің, арқасында біреуден ілгері, біреуден кейін қызметтер атқарды. Елге қамқоршы, жастарға ақылшы болып, еңбекке, тұрашылдыққа, шыншылдыққа бастады.

Біз бүгінгі күні шүкіршілік етіп, әрқашан бейбітшілік әкелген ата-бабаларымыздың рухтарына дәстүрлі түрде жыл сайын бас иіп, Жеңіс күні мәңгілік алауға барып, гүл шоқтарын қойып, тағзым етеміз. Майданда қаза болған үлкен жүректі сол асыл жандардың жаны жәннатта болсын!

-Соғыс ардагері Жиентай әкеміздің



өмір жолы туралы естеліктермен бөліссек деп отырмын. Ұлы Отан соғысының қанды майданынан елге аман-сау оралған ол 1948 жылы консерваторияға оқуға түсуге келген қызды ұнатып, болашақ жары Құндақбайқызы Зибагүлмен кездесіп, үйленген.

Жиентай әкеміз өмірдің ащы-тұщысын ерте сезінген жан. Әкеден жастайынан алты жасында жетім қалған ол шешесі Тәшен әженің тәркініне барып, нағашыларының тәрбиесінде болған. Нағашысы Баһарам Отаубайұлы көп қамқорлық жасаған, бухгалтерлік курста білім алуына да жәрдемдескен екен.

Жиентай әкеміз уақыттың ерте есейткенінен шығар, газет-журналдар алдырып, үнемі өзін саяси жағынан білімін, қарым-қабілетін толықтырып отыруды, жетілдіруді, өзгелерден үйренуді дағды қылған азамат болатын.

басылы болғандағы қызықтары мен рахатын көре алмады. Ендігі біздің басты мақсатымыз-ата-анамыздың бізге берген тәрбиесі мен тәлімін бойымыздан жоғалтпай, олардың жете алмаған жетістіктеріне жетіп, орындай алмай кеткен армандарын орындап, ел мақтанып айтатындай адал, абыройлы ел азаматтары болып, ұрпақ тәрбиелеу,-дейді ұлы Серік ағамыз.

-Анамыз Құндақбайқызы Зибагүл 1926 жылы Шәуілдір елдімекенінде қарапайым шаруаның жанұясында дүниеге келген. Анамыз бауырларымен соғыс тауқыметінің барлық қиыншылықтарын аштықты да, жалаңаштықты да көрді. Әкесі Құндақбай, анасы Дәмешаймен, белдері қатпаған бауырларымен бірге колхоздың ауыр жұмысына араласып, еңбек еткен. Соғыс аяқталған жылдары Қызылорда облысы, Сырдария бойында Қызылорда қаласы маңына қоныстанады. Соңынан ерген Базарбай, Шымкентбай, Гүлсара, Пернебек, Кенжебек атты бауырлары болды. Жалғыз сіңілісі-Гүлсара апамыз да дүниеден өтіп кетті. Барлығының балаларымен араласып, хабарласып тұрамыз. Анамыз 1948 жылы әкемізбен тұрмыс құрып, отбасының шаруасымен айналысты. Ата-ана қадірін ерте түсінген анамыз қартайған әкемізді мәпелеп күтті. Ағайын туыстарға қадірлі еді. 1949 жылы желтоқсанда тұңғышы Сағынтай, екі жылдан кейін Серікбай (Сәкен) 1951 жылы көктемде күзде (желтоқсан) дүниеге келді. Анам Зибагүл қаншалықты нәзік те арық болғанымен, әйел ретінде де, ер азамат ретінде де кез-келген жұмысты атқара білетін, кез-келген жұмысқа белсене кірісіп кететін. Бір қапты бір өзі көтеріп ете беруші еді. Жастайынан бір үйдің жалғыз әкеммен бас қосып, өмірдегі қиындықты өте көп көрген адам ғой. Екеуі де өмір бойы ерінбей еңбек етіп, еліне адал қыз

сәбиге деген ерекше ыстық ықыласы мен жүрегі аналық сезіміне күш беріп, көп баланы тәрбиелеудің қиындығына қарамастан бірінің артынан бірі оннан аса құрсақ көтерді. Тағдырдың жазуымен балаларының шетінегендерінен қалғаны сегіз ұрпақ өсіп-өнді. Балаларын жастайынан еңбекке баулып, үй шаруасының қыры мен сырына үйрете білді. Балаларын шама-шарқына қарай жұмсап, үй шаруасына жұмылдырды. Анамыз дастархан басында отырған кезде тамағын да ішпей, балаларының әрқайсысы тамағын ішіп болғанша, шаршағанын білдірмей дастархан басынан кетпейтін еді. Бар саналы ғұмырын балаларын тәрбиелеп өсіруге арнады. «Ана сүтінің қарызы Меккеге жаяу үш арқа лап барса да өтелмейді» дейді. Десек те, аз ба, көп пе балалары аналарының сол арманын орындады деп ойлаймыз. «Әке көрген оқ жоңар, ана көрген тон пішер»-дегендей бауырларымыз-үлкен азаматтар, қатарларының алды, бір-бір шаңырақ иелері. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы емес пе...! Анамыз 1988 жылы 19 қаңтарда аурудың азабынан көз жұмды. Енді біздің міндетіміз, ол кісілерді жиі еске алып, солардың ізгі жолын кейінгі ұрпаққа үйретіп, оларға құран бағыштап Алланың шапағатында болуын тілеу,-деп еске алады қызы педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Бегайым Жиентайқызы.

Бұл күндері Жиентай көкемізден тараған ұрпақтары, ұл-қыздары, немерелері де жоғары білім алған, әр салада мамандық иелері болып, біліктілігі мен білімдерін еліне арнап, еңбек етуде. Бірі инженер, бірі педагог, бірі заңгер, бірі кәсіпкер, бірі экономист-менеджер, т.с.с.

Адамзат баласы жаратылғаннан бері қанша дәуір, қанша уақыт өтті. Бірақ өзінің өркендеп, өсіп даму дәуірінің шегіне дейін жету үшін қанша кезеңнен өтуі, қанша жылдар керек екенін ешкім ашып нақты айта алмайтындығы анық.

Қан сасыған, майдан көрген, от көрген,

Ормандарда гүл орнына оқ терген.

Еуропаны етігімен аралап,

Бір басынан талай ұлмат өткерген.

Майдангерлер, есіп ерлер, бабалар,

Жүрген жері ұлы ерлікке баланар.

Қартты көрсек қадірмендім деп білгін,

Ізет өткін ардагерге балалар!

Соның бірі сенің атаң балдақты,

Сол балдақпен майдан төсін шарлапты.

Жарықшағын жамбасында сақтаған,

Сенің атаң әрқашанда ардақты!

-деп менің бір өлең жолдарымда жырланғанындай майдангер әке мен ардақты ана үшін өздерінің бауырынан өрбіген қай бала болсын ыстық. Құдайға шүкір артында іздеуші ұрпақтары, әкесінің рухын ардақтаған ұл-қыздары барлығына бір медет. Олай болса, сіз бен біздің ең үлкен міндетіміз, ол кісілерді жиі еске алып, солардың ізгі жолын кейінгі ұрпаққа үйретіп, оларға құран бағыштап Алланың шапағатында болуын тілеу. Жақында Жиентай атамыздың ұрпақтары әкелері, майдангер Жиентай Сүйгенбаев пен анасы Зибагүл Құндақбайқызы туралы деректі кітап басып шығарды. Бұл да болса батыр атамыздың балаларының ақылдаса отырып істеген дұрыс шешімі деп білеміз. Кітап мәңгілік ұрпақтың құнды дүниесі ретінде тарихта қалады. Жатқан жерлеріңіз жарық жандарыңіз жәннатта болсын аяулы жандар! - демекшіміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



Аяулы жары Зибагүл анамыз колхоздың ауыр жұмысынан да тысқары қалмаған адам. Соғыс кезінде тылда еңбек еткен балалық шақтың бақытын еңбекке арнаған асыл жан.

Әкеміз өте адал, бауырмашыл, еңбегі берекелі азамат, басқалармен бақталасқан жан емес болатын. Момын, қолы ашық, қамқорлығы жоғары, қолындағы барын ешкімнен аямайтын, жомарт кісі болды.

Осындай асыл жандардың отбасылық ғұмыры жас ұрпаққа өмірлік азық, өмір мектебі десек те болады. Ал жасаған жақсы істері үлгі-өнеге болып, ұрпақтың санасына сіңеді деп сенеміз.

Олар балаларының барлығын аяқтарынан тұрғызып, жетілдірді, бірақ олардың барлығының үйлі-от-

мет жасаған адамдар. Анамыз керек кезде колхоздың ауыр жұмысынан да қалмаған адам. Жас болса да қазақ әйелдерінің табиғатына тән туыс-туғандарына денген сезімталдық, сүйіспеншілік, қосағымен қоса тату-тәтті өмір сүру, «отбасында шыны-аяқ сылдырласа» бітімгершілікке ұмтылу анамыздың өмірлік ұстанымы еді. Ол құдай қосқан жұбайының рухани жан дүниесін түсіне білді, көңіл-күйін қабағынан танып, отбасы берекесіндегі сәйкестік пен үйлесімділікті, әдептілік пен жарасымдылықты терең аңғара білді. Жастайынан бала тәрбиесін бойына сіңген ол «балалы үй базар» демекші балаларының қызықтарына бөленіп қажымай-талмай, оларды ыстық пен суыққа шалдырмай, құстың бір ыядағы балапанындай өсірді. Жас

Редакцияға «За боевые заслуги» медалінің иегері, гвардиялық 2-ші авиациялық эскадрилья, 123-ші авиациялық бомбалаушы Ярцевского, «Қызыл ту» орденді Александр Невский полкінің гвардия аға сержанты Жұмабаев Баймахан атамыздың қызы Бибіхан апамыз келді. Жеңістің 80 жылдығына орай осы уақытқа дейін әкесі туралы мардымды мақала жарияланбаған екен. Әкесі туралы сарғайған құжаттарын да қоса әкеліпті. Жұмабаев Баймахан 1920 жылы Қызылкөл ауылдық кеңесіне қарасты Қызылкөл колхозында дүниеге келген. Ағасы Жұмабаев Жармахан 1918 жылы туылған. Екеуі де Ұлы Отан соғысына дейін Қызылкөл ауылындағы колхозда жұмыс істеген. Екеуі де жасына қарай әскер қатарына шақырылып, Жармахан соғыста ерлікпен қаза тауып, артынан елге қаза тапқандығы туралы қара қағаз келеді. Баймахан атамыз 1940 жылы Созақ аудандық

жесінде кеңес әскерлері Шығыс Пруссияны алып, Польшаның солтүстік бөлігі мен Балтық жағалауын азат етті. Баймахан Ұлы Отан соғысынан аман сау оралған соң 5-6 кластық білімен Қызылкөл ауылында мұғалім, ауылдық кеңесте хатшы, аудан орталығына көшіп келіп аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінде инструктор, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, аудандық комсомол комитетінде инструктор, халық депутаттары Созақ аудандық советі атқару комитетінің қызметкері, Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Созақ аудандық ДОСААФ-тың председатели, аудандық ішкі істер бөлімінде, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқара жүріп зейнеткерлік демалысқа шығады. Жұбайы Төлбасиева Ұрхантай екеуі үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіреді. Соғыстың салған жарысынан 48 жасында өмірден озады.



ның қорғанысқа бейімделгені соншалық, олар да қамал деп саналуы мүмкін. Төменгі қабаттардан танкіге қарсы зеңбіректер мен «Фауст» патрондары, ал жоғарғы қабаттардың терезелерінен ондаған пулемет атылды. Жоспарда кәдімгі тас ғимарат көрсетілгенімен, бұл неге қамал емес. Қала мен бекіністе оқ-дәрілердің және үш айлық азық-түлік қорының болуы ұзақ мерзімді қорғаныс жүргізуге мүмкіндік берді. 26-шы гвардиялық дивизия сигналшысы Юлий Борисович Зонистің естеліктерінен: «Біздің полк үшін Пилау үшін шайқастар Кенигсберкке шабуылдан гөрі қиынырақ болды. Пилауда қорғағандардың арасында көптеген «власовшылар» мен матростар болды, бұл немістердің қыңыр қарсылығын түсіндірді.

Мен сол күні өліп қала жаздадым. Пилау портына кіріп, жаяу әскермен бірге қаланы аралай бастадық. Аурухана ғимаратында «власовшылар»

Хиуаз Доспановпен жүздескен жерлесіміз

әскери комиссариатынан әскер қатарына шақырылған. Алдымен авиация мектебінде механик мамандығына білім алады. Сөйтіп 1942 жылы авиация полкіне механик болып түседі. Осы жылдары қазақ халқының батыр қызы Хиуаз Доспановпен осы ұшқыштар полкінің ұшақтарын техникалық жағынан ұшуға даярлайтын механик қызметін атқара жүріп танысады. Екеуі де Қазақстаннан еді. Майдангердің ұрпақтарының айтуынша Баймахан атамыз көзі тірісінде Ұлы отан соғысында өзімен бірге Хиуаз атты батыр қыздың болғандығын, «Хиуаз батыр, ержүрек, нағыз қазақтың қызы. Хиуазды құрбылары Катя деп атайтын. Ол қазақ әндерін нақышына келтіре орындағанда майдан даласын ән тербеп кететін» деп айтып отырады екен. Баймахан атамыз Ұлы Отан соғысы жылдары «Қарауылдық қызметтегі үздігі», «Шығыс Пруссияны азат еткені үшін», «Кенигсберг жаудан тазартуға қатысқаны үшін», «Пиллау тауын алғаны үшін», «Неміс басқыншыларынан немістер басып алған жерлерді босатуға қатысқаны үшін», «Медициналық бөлімдегі үздік қызметі үшін», «Фриш-гаф бұғазын жаудан босатқаны үшін», сонымен қатар, Польша, Чехословакия, Будапешт, Прага, Румыния, Югославия, Венгрия жерлері мен қалаларын азат еткені үшін, «Кенигсберг қаласын азат еткені үшін» көптеген медалдармен марапатталған.

Ғ.Абишовтің «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» атты кітаптың 301 бетінде жауынгер Баймахан Жұмабаев туралы деректер келтірілген. «Красноармейская правда» атты майдандық газетінде де батыр жауынгер туралы мақала жазылыпты. Жоғарыда айтқан ерлігі үшін берілген «За боевые заслуги» медалі бомбалаушы авиация Шығыс Пруссия шабуылы - Ұлы Отан соғысы барысындағы ірі шабуыл операцияларының бірі. Бұл операцияның аясында Инстербург, Млава-Эльбинг, Вормдигт-Мельзак, Хейльсберг, Кенигсберг, Земланд шабуылдары ұйымдастырылды. Операция барысы 19 қаңтарда 2-ші Белорусь майданының әскерлері Млаваны алды, ал 26 қаңтарда олар Балтық теңізіне және Вислаға шықты. 19 қаңтарда 3-ші Беларусь майданының әскерлері Тильзитті, ал 21 қаңтарда Гумбиненді басып алды. 6 сәуірде Маршал Василевский бастаған әскерлер Кенигсберттің шетіне шықты. 9 сәуірде Кенигсберттің коменданты капитуляция жариялады. 17 сәуірде кеңестік әскерлер Фишхаузен қаласын алды. 25 сәуірде неміс бекінісі Пиллау құлады. Операцияның нәти-


Пилау базасы үшін шайқас. 1945 жылы 9 сәуірде Кеңес әскерлері Кенигсбертті алды. Кенигсберг гарнизонының жеңілуі Самланд түбегінде және Пилау теңіз базасында (қазіргі Балтийск, Калининград облысы) орныққан Шығыс Пруссия тобының қалдықтарын түпкілікті жоюға қолайлы жағдай жасады. Мұндағы немістер теңіз бен шығанаққа қарсы қысылып, кеңес жауынгерлерінің естеліктеріне сәйкес, «тозақ сияқты» шайқасты. 17 жылы 1945 сәуірде Кеңес әскерлері алдыңғы ені 2-3 км болатын Пилау түбегін басып алу үшін шайқас бастады. Көбінесе неміс по-

дың 25 сәуірінде ғана кеңес әскерлері Пилау әскери-теңіз базасының шетіне еніп үлгерді. «Соғыс кезінде мен осындай үш шайқас көрдім, төртінші және соңғысы осында. Немістердің соққысының күшін салыстыратын болсақ, ол 1941 жылға тең болды», - деп еске алады 36-гвардиялық атқыштар корпусының командирі Петр Кириллович Кошевой. Ресей тарихшысы Сергей Александрович Якимов: «Жау әр үй үшін шайқасты. Гиммель рейх әскери қалашығын теңіз жаяу әскерлері, сигналшылар және жазғы бөлімшелердің жауынгерлері қорғады. Терезелерді

көрпелердің астына тығылып, жараланғандай кейіп танытты, бірақ бізбен бірге дивизияның партиялық ұйымдастырушысы капитан Олпана-сюк болды, ол жол бермеді және тұтқынға алынған сатқындарға конвой шақырды...» 26 сәуірде кеңес әскерлері қиян-кескі шабуылдан кейін немістің алынбайтын Пилау теңіз базасын басып алды. Осыдан 75 жыл бұрын Шығыс Пруссияның шабуыл операциясы осылай аяқталды. Осылайша осы әскер құрамында болған созақтық қазақ жауынгер Баймахан Жұмабаев КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының шешімімен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Ерлігі үшін медалі сол уақытта Кеңес Одағының батыры атағы мен «Қызыл жұлдыз» орденінен кейінгі жоғары мәртебелі марапат болатын.

РАПОРТ

2-ші авиациялық эскадрилья (2-ая АЭ) мотористі гвардия сержанты Джумабаев Бай-Махан 192 жылы туылған. Қазақ. ВЛКСМ мүшесі 1940 жылдан қызыл Армияның және Қарулы Күштер қатарында. Білімі 7 класс. 1943 жылдың 5 қазанынан бастап Ұлы Отан соғысы майданында жүр. Осы уақыт аралығында жолдас Джумабаевтың техникалық сараптауынан өткен моторлары 103 ұшу сапарында сәтті болды. 15 ұшақтың қайта ұшуына жұмыс жасаса, оқу-жаттығуларында 50-ден аса ұшақтарды техникалық тұрғыда қамтамасыз еткен. Майданға қажетті 6 ұшақтың моторы мен 3 блоктарын ауыстырған. Жумабаевтың кінәсінен аспандағы айқастардан оралған ұшақтардың жарамсыздығы не болмаса, моторларын істен шыққан ұшақтар болмаған. Пе-2 ұшақтарын, 105-ПФ моторларын өте жақсы біледі. Жұмысына жауапты, тыңғылықты, берілген бұйрықтарды сапалы, әрі уақтылы орындайды. Ол үшін командования атынан бірнеше алғыстарға ие болды. Ленин мен Сталиннің ісіне, Социалистік отанымызға берілген. Сондықтан «За боевые заслуги» медаліне лайықты. Гвардия капитаны Баранов.



зициялары орманға жасырылды, бұл мақсатты өртке жол бермеді, ал аудандарда ату табысқа жете алмады. Сонымен қатар, қалың орман неміс бөлімшелерінің жасырын шығарылуына және жаңа күштердің жеткізілуіне ықпал етті. Сонымен қатар, неміс қолбасшылығы мұнда бетонды және броньды қораптардан, байланыс өткелдерінен және танкке қарсы шұңқырлардан қорғаныс жүйесін жасай алды. Пиллауға жақындаған сайын мұндай құрылымдар көбейе түсті. Неміс қорғанысын еңсеру қиынға соғып, кейде небәрі 1 шақырым алға жылжып, 1945 жыл-

кірпішпен құйып, шатырды құммен қаптады. Кірпіш қабырғаға шынжырланған мергендер мен пулеметшілер басымызды көтеруге мүмкіндік бермеді. Ауыр артиллерия саңылау жасағаннан кейін ғана күзетшілер ішке кірді. 11-ші гвардиялық армияның қолбасшысы Кузьма Никитович Галицкийдің естеліктерінен: «Ресми түрде Пилау бекінісінде төрт бекініс болған, бірақ қала бекіністерінің жүйесі крепостнойлықтармен тығыз байланысты болғаны сонша, кейде бекіністердің шекарасының қай жерден басталғанын анықтау қиынға соқты. Басқа ірі қала ғимараттары-

Осылайша 2-ші АЭ 21879 әскери бөлім командирі гвардия капитаны Ликолетов те 125 «Пе-2» ұрыс ұшақтарына мінсіз қызмет жасады деген қызметтік мінездеме береді. Міне, бүгін Шолаққорған ауылының ортасында орналасқан «Даңқ» ескерткіші алдында Баймахан атамыздың ұл-қыздары, немере-шөберелері келіп батыр бабаларының рухына тағзым етіп тұр. Ерлігі ерен ер есімі ел есінен ешқашанда өшпек емес.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету—бұл мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі тарапынан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы мен сеніміне ерекше басымдылық бере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы

байланыс орнату және туындаған сұрақтарға толыққанды ақпарат ұсыну.

Осы ретте, ағымдағы жылдың 7 наурызында Келес ауданының тұрғыны «EgovKzBot2.0» телеграмм боты арқылы «Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау» мемлекеттік қызметін алуға қатыс-

қытылы төлемегені анықталған.

Осыған орай, Департаментпен шағым иесіне қоңырау шалынып туындаған кедергілер бойынша Қағида талаптарына сәйкес түсіндірмелер берілді.

Өз кезегінде, шағым иесімен 2025 жылдың 13 наурызында қажетті құжаттар топтамасы қайта жинақталып, өтініш берілген.

Ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу ерекшеліктері

Азаматтық процестік кодекс азаматтық дауларды шешудің іс жүргізу мәселелерін анықтайды. Осы кодексте көрсетілгендей, ерлі-зайыптылардың (бұрынғы ерлі-зайыптылар) мүлкті бөлу туралы келісімге келе алмаса, онда даулар медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен шешіледі.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің (әрі қарай-кодекс) 37-бабына сәйкес, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу ерлі-зайыптылардың кез келгенінің талап ету бойынша некеде тұрған кезеңінде, не ол бұзылғаннан кейін де жүргізілуі мүмкін. Бұл норма бөлу нұсқаларын, оның ішінде ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша қарастырады. Ортақ мүлкті бөлу туралы мұндай шарт жай жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариалды куәлендіруге жатады.

Мүлкті бөлудің үш нұсқасы бар: тараптардың келісімі бойынша; медиация тәртібінде, сотта.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот кәмлетке толмаған баланың мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың әр қайсысына қандай мүлктің берілетінін айқындайды. Егер ерлі-зайыптылардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, екінші жұбайға ақшалай тиісті ақшалай немесе өзге өтемақы алып беріледі. Тек кәмлетке толмаған балалардың қажетін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар бөлуге жатпайды және олар балалары өзімен бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі. Ерлі-зайыптылардың кәмлетке толмаған ортақ балаларының атына ортақ мүлік есебінен салған салымдары сол балаларға тиесілі болып есептеледі және ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлген кезде есепке алынбайды. Істі қараған мезгілде ерлі-зайыптылардың иелігінде болған немесе үшінші тұлғада болған ортақ мүліктері бөлуге жататын мүліктердің құрамына кіреді. Егер сот ерлі-зайыптылардың бірі ортақ мүлкті иеліктен шығарғанын немесе өз қалауы бойынша, жұбайының қарсылығына және отбасының мүддесіне қарамастан сатып жібергенін немесе мүлкті жасырғанын анықтаса, онда бөлу кезінде бұл мүлік немесе құны есепке алынады. Сол сияқты ерлі-зайыптылардың ортақ қарызы (кодекстің 38-бабының 3-тармағы) және отбасы мүддесінен туындаған міндеттемелер жөніндегі талаптар құқығы ескеріледі. Сонымен қатар, некеге (ерлі-зайыптылыққа) отыру кезінде ерлі-зайыптылардың біріне, бірақ некеге (ерлі-зайыптылыққа) отырғанға дейін тиесілі болған, жеке қаражатына сатып алынған, сыйға тартылған, мұраға немесе өзге ақысыз мәмілелер бойынша алынған мүлік, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен бірінің жеке басына пайдалануға сатып алынған заттар, қымбат бағалы және басқа асыл заттардан басқалары кодекстің 35-бабына сәйкес ортақ меншік болып саналмайды және бөлуге жатпайды. Егер отбасылық қарым-қатынас және ортақ шаруашылықты жүргізу нақты тоқтатылғаннан кейін жұбайлар бірлесіп мүлік сатып алмаған болса, сот заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес олардың ортақ шаруашылықты жүргізу уақытына дейінгі ортақ меншігі болып келген мүліктерді ғана бөле алады. Бөлінуге жататын мүлктің құны тарап-тардың келісімі бойынша белгіленеді, мұндай келісім болмаған жағдайда оны сот сарапшысының қорытындысы негізінде сот анықтайды. Айталық некеде тұрған кезінде ерлі-зайыптылар екі жеңіл автокөлік алған, сәйкесінше олар ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі болып табылады. Дауды қарау кезінде жұбайында бір ғана автокөлік тіркелген, ал екінші көлікті әйелінің рұқсатынсыз өз кәдесіне жаратқан. Осыған байланысты мүлкті бөлу кезінде сатылған автокөлікті ескеру қажет. Талап қоюшының пайдасына автокөліктің 1/2 үлесі үшін оның нарықтық құнына қарай ақшалай түрде өтемақы өндіру қажет. Егер заңмен белгіленген ортақ меншіктің тәртібі неке шартымен өзгертілсе, онда сот ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу туралы дауларды шешкен кезде осындай шарт талаптарын басшылыққа алуы тиіс. Мұндайда ерлі-зайыптылар арасындағы неке шарты кодекстің 43-бабының 2-тармағына сәйкес тап осы өндірісте жұбайлардың бірінің талабы бойынша, егер шарт талаптары жұбайлардың бірінің өте қолайсыз жағдайда қалдыратын немесе осы некеде туылған немесе асырап алынған балалардың мүлктің құқықтарын бұзатын болса, толық немесе ішінара заңсыз болып танылуы мүмкін. Бөлінетін мүлктің құрамын, оның құнын және беру шарттарын өздері белгілеген кезде тараптар үшін ең қолайлысы мүлкті өзара келісім бойынша бөлу болып табылады.

Б.САҒЫНТАЕВ,

Созақ аудандық сотының судьясы.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ TELEGRAM БОТ ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен сервистік және клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және азаматтардың өтініштеріне жедел кері байланыс орнату мақсатында өткен жылы «EgovKzBot2.0» telegram бот платформасы іске қосылған.

Бұл бот платформасының басты мақсаты мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселелері бойынша халықпен жедел кері

ты шағымын жолдаған.

Анықталғандай, шағым иесі 2025 жылдың 19 ақпанында Түркістан облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының филиалына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша өтініш жолдаған.

Өтінішті қарау барысында жеке кәсіпкерлерден 2023 жылдың қыркүйек айы мен 2024 жылдың наурыз айларының арасында әлеуметтік аударымдарды Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 246-бабы бұзыла отырып, уа-

Нәтижесінде, шағым иесінің құқықтары қалпына келтіріліп, 2025 жылдың 18 наурызында әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім шығарылған.

Атап өту қажет, бот платформасы арқылы ағымдағы жылы 30-ға жуық өтініш келіп түскен.

Абылайхан НАУРЫЗБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Архивтің текті тұлғалары қоры

Кентау өңірлік мемлекеттік архиві (өңірімізге: Кентау қаласы, бұрынғы Түркістан қаласы (1934–2018ж.ж.) мен Түркістан ауданы (1924–1997 ж.ж.) және Фрунзе ауданы (1939–1956 ж.ж.), Созақ (1932 ж.-дан және Сауран ауданы 2021ж.-дан). Тұрақты сақталатын, жеке құрам бойынша құжаттары қорларының бір саласы-жеке текті тұлғалар қоры...

Біздің негізгі мақсатымыз архив қоймасындағы қорлар құ-

еңбегін халық игілігіне жұмсауға дайын тұратын, өз саласының майталмандары, қайраткерлерінің жеке текті таутұлға ретінде, сол азаматтың өміріне, еңбек өтіліне, қоғамдық өміріне қатысты, еңбектерін: жеке мақалалары, өлеңдері, таспа немесе бейнероликтері, жарыққа шығарылған баспа-кітаптары, алған марапаттарының: грамота, мақтау қағаздар, алғыс, алғыс хаттары мен дипломдары, сондай-ақ медаль, төс бел-

метті Азаматы атағының иегері «МУ ФО Гранд философия докторы, профессор, МАИСУ, ЕА-ЕН, МАБИ, НОАН, АМТН және ПАНИ академигі Шерхан Абилов Әбдіұлы соның ішінде оқырмандар қажеттілігіне пайдалану мақсатында: «1941–1945 ж.ж. Ұ.О.С. 1941-944 ж.ж. Сенің батырларың Ленинград, қоршаудағы Ленинград, Бұғаудағы күнтізбе парақшасы,Пир-чюпис, Саласпилс, Хатынь-Пискарёв мәрмәр бейіті, ҚСРО



жаттарын, ұлттық құндылығымызды байытатын, мәдени-өркениетімізді дамытуға, келешек ұрпаққа үлгі-өнеке боларлық, ғылыми-новаторлық мәні бар, қазақ үрдісі мәдениетін, мүмкіндігінше салт-дәстүріміздің баға жетпес құндылықтарын айқындай түсетін, тарихи мәні бар құжаттарға толыру. Оның ішінде «Қаратау тәжі» атанған өңіріміздегі: өндірістер, кеніштер, зауыттар, трест, фабрика және мемлекеттік-мемлекеттік емес мекемелер де, ұжымшарларда еңбек еткен азаматтардың, қаланың танымал тұлғалары, 1941–1945 ж.ж. Ұлы Отан Соғысы мен ауған 1979–1989 ж.ж. интернационалдық соғысы және еңбек ардагерлерінің, қаламызда-өңірімізде ерекше орын алатын, ізгі ниетті, әрқашан еліне халқына бар ықыласымен қызмет етуге,

гі, ордендерінің түп нұсқа куәлік құжаттарын ұлттық мемлекеттік қорға қабылдау-тізімдеге алу, қағида тәртібімен реттеу, халыққа таныстыру мақсатында мұрағат құндылықтарын — көрмелер, оқушыларға қор қоймаларындағы құжаттарды таныстыру-шарлау(экскурсия) жұмыстары, баспа беттеріне мақала жариялау арқылы, мекемелердің құжаттарынан құнды мәліметтерді теру арқылы кітап, брошюра(кітапша) баспа беттеріне шығару жариялау негізінде оқырмандарды таныстырып отыру болып табылады. Сондай-ақ, «Кентау қаласының танымал адамдары» жеке текті тұлғалар топтамасы Ұлттық Мемлекеттік қорына енген, кеншілер қаласының түлегі, ұлттық архив қорына толассыз үлес қосушы, қаламыздың Құр-

мемлекеттік марапаттар құқықтық актілер жинағы, 3-Қазақстан тарихы, Қазақстан үш мыңжылдық жазбалары, мұсылман құқықтық мазмұны, Мұхаммед (с.а.ә.) өмірі, Алпамыс батыр, Қазақ зергер әшекейлері, Туған жеріміздің әйелдері, Ресей марапаттары, Ұлы дала тарихи тұлғасы — Сұлтанбет Баһадүр Сұлтан екі томы және (МЕГАПИР- офицерский сплав) газетінің № 9,10, 12 нөмірлерін» бізге өзінің жеке кітапханасынан жоғарыда аталған бірнеше кітаптарын өз қол жазбасымен сыйға тарту жасады. Сізге қажымас қайрат-еңбегіңізге табыс тілейміз.

Ұлжан ЖҰМАБЕКОВА,
Кентау Өңірлік мемлекеттік архивінің жоғары санатты археографы.

2025 жылғы қаңтар-наурызға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы		
	2025 жылғы Қаңтар-наурыз	2024 жылғы қаңтар- наурыз, 2023 жылғы қаңтар- наурызға, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер ¹⁾		
Халық саны, адам (2025 жылғы 1 наурызға)	62 789	99,4
Туылғандар, адам	198	77,6
Өлгендер, адам	57	118,7
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	532	106,2
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	826	112,7
Еңбек рыногы және еңбекке қатысушылар		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2024 жылдың IV тоқсаны	19 471	103,8
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2024 жылдың IV тоқсаны	588 164	120,6
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	43 999,4	155,9
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	591 856	102,0
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	368 095	122,6
Экономикалық негізгі секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі,мың теңге	213 721 009	114,3
Жылда ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге (мамыр)	3 645,7	116,2
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	5 105,8	138,2
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	5 308	100,9
Қаржы жүйесі ²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	877 318,4	170,9
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	263 146,2	145,7
Өлтірілген өнім көлемі, млн. теңге	470 760,2	135,7
¹⁾ 2025 жылғы қаңтар-наурыздың деректері		
²⁾ 2024 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша		

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2025 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРГЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР	
Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар	
	бірлік
	2025 жылғы 1сәуірдегі
Барлығы	502
мемлекеттік	106
жеке	395
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	5
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8
шетелдік	1

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2025 жылдың 1 сәуірге 4675 бірлікті құрады.

2025 жылғы 1 сәуірге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы		оның ішінде					
		ШОК заңды тұлғалары ²⁾		дара кәсіпкерлер ²⁾		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары	
2025 ¹⁾	2024	2025 ¹⁾	2024	2025 ¹⁾	2024	2025 ¹⁾	2024
4675	4 469	302	307	3 056	2 828	1 317	1 334

¹⁾ Жедел деректер.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-7-78 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Орын тисін, жәннаттың кең төрінен



Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан, отбасының қамқоршысы болған **Архарбеков Мейірман Жаппасұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Мейір шуақ шашып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт

өмірден.

Сыйлы едің көпшілік жұрт, туысқа,

Өнеге алып өстің ұрпақ өзіңнен.

Енді Алланың шапағатына бөленіп,

Орын тисін жәннаттың кең төрінен!,-деп, асыл әкеміз Мейірман Жаппасұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 4 мамыр күні (3 мамыр – қонақ асы сағат 19:00-де) Шолаққорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: бауырлары, жанұясы.

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін ең қауіпті және кең таралған әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың біріне жатқызылуы мүмкін, оның зиянды әсері мемлекеттік құрылым мен дәстүрге қарамастан кез келген елде сезіледі. Бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жою алмады, бірақ қоғамның сыбайлас жемқорлық шегін төмен-

жүйелі профилактикалық жұмысқа және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша тиімді шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, соттардың және құқық қорғау органдарының жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі аса маңызды басымдық олардың халықпен,

келтіріп қана қоймай, елдің ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне елеулі қатер төндіреді. Сыбайлас жемқорлық жаңа заманауи жағдайларға бейімделе отырып, онымен күресу тәсілдерін үнемі өзгертуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлық ауқымы өсе келе, елеулі қауіп төндіреді. Ол азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін бұзады, нәтижесінде тәуелсіз мемлекет

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - біздің ортақ парызымыз

детуге болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекеттік басқарудың жоғары деңгейінде үлкен көңіл бөлінуде. Біздің елімізде қазіргі заманға сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істейді, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар әзірленді және іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды көшенді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда негізгі екпін

бизнеспен, азаматтық сектормен, ғылыми-сараптамалық қоғамдастықпен және БАҚпен белсенді өзара қарым-қатынасы болды.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктерді заңсыз алу жүріп жатыр, оның нәтижесі қоғам мүдделерін бұзу және мемлекеттік билік беделін төмендету болып табылады.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдалануды тиімсіз және мүмкін емес болатындай барлық шараларды қабылдап, одан әрі де жағдай жасайтын болады.

Сыбайлас жемқорлық қоғам өмірінің барлық салаларына: экономикаға, әлеуметтік салаға, саясатқа кері әсерін тигізеді. Осы құбылыстан туындайтын теріс салдарлар қоғамның прогрессивті, үдемелі дамуына кедергі

ретінде елдің өмір сүруіне қауіп төндіреді, сондықтан осы әлеуметтік қолайсыз құбылысқа қарсы тұру - мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түсіну және қабылдамау-бүкіл қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

Алмас СЕЙТОВ,
Кентау қаласының ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің сот орындаушысы.

Басты мақсат - алдын алу

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ғабит МУСАБЕКОВ,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.

Сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қыз-

ныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның

Қатаң тосқауыл өзімізден

метшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, ты-

ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағым, етініштері. Мемлекетіміздің көз-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Бағдат ТАСБОЛАТОВ,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

Орман алқабына абай болайық!

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ал тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білемін. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасақана бүлдірушілерден сақтай білейік.

С.ИБРАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман қорықшы күзетшісі.

Діни сауатсыздық рухани тоқырауға әкеледі


Қоғамда адамдардың діни сенімдер мен ұстанымдарын дұрыс түсінбеуі, діни сауатсыздықтың салдарынан түрлі мәселелер туындауы мүмкін.

Діни сауатсыздық—бұл адамның өзінің дінін, оның негізгі қағидаларын, тарихын және рухани маңызын терең түсінбеуі. Сонымен қатар, діни сауатсыздық адамның басқа діндер мен конфессиялар туралы дұрыс көзқараста болмауын да қамтиды.

Діни сауатсыздықтың салдарынан адамдар діни түсініктерді бұрмалау арқылы әртүрлі діни ағымдардың әсерінен өздерінің діни ұстанымдарын дұрыс түсінбей, теріс пікірлер мен радикалды көзқарастарға бой алдыруда. Мұндай жағдайларда қоғамда діни алауыздықтар туындайды. Сондықтан, діни білімнің болмауы адамның діни сенімдеріне зиян келтіруі мүмкін.

Діни сауатсыздық адамның рухани құндылықтарға деген қызығушылығын жоғалтуына себеп болуы мүмкін. Қоғамның рухани дамуы діни құндылықтарға, моральдік қағидаларға, адамгершілік нормаларына сүйенгенде ғана мүмкін болады. Егер адам діни білімнен ажыратылса, ол өмірдің мәнін, қоғамдағы адамның рөлін және моральдық жауапкершілікті терең түсінбеуі мүмкін. Мұндай жағдай адамды рухани тұрғыда кедейлендіріп, өмірдің мәнін жоғалтуға әкеледі.

Діни сауатсыздық қоғамда әлеуметтік тұрақсыздықты арттырады. Себебі, дұрыс діни білім алған адам бір-бірімен дұрыс мәмле мен бейбітшілікте өмір сүруге ұмтылады. Ал діни сауатсыздық адамдарды қате түсініктерге негізделген әрекеттерге итермелеуі мүмкін, бұл қоғамдағы қақтығыстарды тудыруы ықтимал.



мал. Діни сауатсыздықтың нәтижесінде адамның діни сенімдері фанатизмге немесе радикализмге айналады. Бұл адамдар өздерінің діни сенімдеріне тым көп беріліп, олардың айналасындағыларды жек көрушілік көзқараспен қарайды. Көп адамдар дін туралы аз ғана ақпарат алады, терең зерттемейді. Бұл әсіресе ауылдық жерлерде байқалады, онда діни білім беретін медреселер мен діни сауат ашу курстардың жоқтығы, жастардың діни сауаттылығын арттыруға кедергі келтіреді. Кейбір діндерде немесе бағыттарда догматизм басым болуы мүмкін, бұл адамдардың өз діндерін терең түсінуге жол бермейді. Діни догматизм адамдардың сыни ойлау қабілетін тежейді, нәтижесінде олар шектен тыс радикализацияға ұшырауы мүмкін.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде діни ақпараттың көп болуы, оның ішінде жалған мәліметтер мен экстремистік идеологиялар да бар.

Бұл адамдардың дінге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыруына кедергі келтіреді.

Діни сауатсыздық рухани тоқырауға әкеледі, себебі адам өзінің ішкі дүниесін, моральдық құндылықтарын және өмірдің мәнін түсінбейді.

Нәтижесінде, адамдар арасындағы қарым-қатынастар нашарлайды, қоғамда түсініспеушіліктер мен араздықтар пайда болады. Діни сауатсыздық, әсіресе жастар арасында, экстремистік идеологияларға ұрынуға себеп болады. Олар теріс ақпаратқа сеніп, дінді бұрмалап түсінуге бейім болады, бұл қоғамдағы тұрақсыздықты тудырады. Ұлттық мәдениет пен дәстүрдің жоғалуына әкеледі. Адамдар діннің мәдениетпен байланысын түсінбегендіктен, ұлттық құндылықтарды жоғалтып алуыда мүмкін.

Діни сауаттылықты арттыру үшін қоғамда діни ақпаратты дұрыс тарату маңызды, теріс идеологияларға қарсы тұру үшін түрлі деңгейде семинарлар, тренингтер ұйымдастыру керек. Әр түрлі діндер арасында диалог орнату, түсіністік пен төзімділікті қалыптастыруға пайласын береді. Қоғамдағы діндер арасындағы түсініспеушіліктерді жоюға көмектеседі.

Діни тұрақтылықты арттыру үшін, әр азаматқа діндер туралы толық және дұрыс ақпарат берілуі қажет. Діни білім беру жүйесі жеке тұлғаның төзімділік, өзара құрмет

және бейбіт өмір сүру дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мемлекетте діндер мен конфессиялар арасындағы теңдікті сақтауға және барлық азаматтардың діни сенімдеріне құрмет көрсетуге бағытталған саясат жүргізуде.

Әртүрлі діндер мен мәдениет өкілдері арасындағы диалогтық алаңдар мен кездесулер діни тұрақтылықты нығайтуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Діни экстремизм мен радикализмге қарсы жүйелі жұмыстар жүргізу, жастар арасында радикалды идеологиялардың таралуына жол бермеу тұрақтылықтың маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Әртүрлі діндердің өкілдері арасындағы түсіністік пен құрмет қоғамның тыныш өмір сүріп, дамытуына мүмкіндік береді.

Қорыта келе діни сауатсыздық рухани тоқыраудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сондықтан, діни білім мен сауаттылықты арттыру — біздің міндетіміз. Ал діни сауаттылықты арттыру арқылы біз рухани байлықты, моральдық тұрақтылықты қалыптастыруға және қоғамдағы тыныштықты сақтауға мүмкіндік аламыз.

Сондықтан, әрбір адам діни білімін арттыруға, діни тұрғыда сауатты болуға ұмтылуы маңызды. Әрбір адам өз дінін жақсы білуі қажет, бірақ сол уақытта басқа діндер мен мәдениеттерді де құрметтеп, жалпы қоғамның рухани дамуына өз үлесін қосуы тиіс.

Ж.БИТАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Сайрам ауданындағы теолог маманы.

Вакцинация— бұл балаларды және ересектерді жұқпалы аурулардан алдын алудың ең жоғары, тиімді тәсілі. Жалпы вакцинацияны тәжірибеге енгізудің нәтижесі сырқаттанушылықтың пайда болу жиілігінің төмендеуіне әкеледі.

Сондай— ақ вакцинаның қолданылуы қауіпті жұқпалы ауруларды төмендетіп ғана қоймай, мүлдем жоюға да көмегін тигізеді. Мемлекеттік вакцинация бойынша саясат екенін қолжетімді дәрежеге дейін жеткізді. Әрбір бала күнтізбеге енгізілген екпелермен жергілікті мекен-жайлары бойынша емханада, ақысыз түрде егіле алады.

Вакциналардың да басқа да дәрілік заттар секілді жағымсыз әсерлері мен қарсы көрсетілімдері бар. Көбінесе жағымсыз әсерлер мен қарсы көрсетілімдер байқала бермейді. Клиникалық тәжірибеге берілгенге дейін вакцинаның қауіптілігі мен пайдалылығына өте жоғары көңіл бөлінеді, препарат дені сау адамдарға жасалады, асқынудың жоғары қауіптілігі мен кері әсерлері болмау керек.

Егер асқынулар туралы айтамын болсақ, миллиондаған балалар асқынусыз имундаумен

Иммундау - жұқпалы аурулардан қорғанудың ең сенімді тәсілі

қамтылуда және жұқпалы аурулардан қорғануда. Екпеге қарапайым әсер бар, бірақ ол табиғи құбылыс, себебі енгізілген препаратқа жауап ретінде ағзада иммунитет қалыптасады, сондықтан әсер қалай да байқалуы қажет. Кейбірінде дене қызуы көтеріледі, кейбірінде екпе салған орнында қызару немесе тығыздану пайда болады. Барлық көрсетілген жағымсыз әсерлер өздігімен кетеді, жиі медициналық көмекті қажет етпейді.

Екпеден кейінгі асқыну өте сирек кездеседі. Бұл неврологиялық асқынулар (құрысу), айқын аллергиялық реакциялар (анафилактический шок). Бұл асқынулар тез арада медициналық көмектің көрсетілуін қажет етеді.

Бүгінгі күнге екпеден бас тартушылар саны көбеюде. Неліктен ата — аналар балаларын екіртуден бас тарта бастаған? Ия себебі, бізде ұзақ уақыттан

бері дифтерия, туберкулез жұқпаларының эпидемиясы туралы ешкім естіген жоқ. Адамдар аталған жұқпалы аурулардан қорықпайтын болған, сондықтан да екпеден батыл бас тартады. Ешкім сырқаттанбайды деп ойлайды.

Екпеден бас тартқан ата — аналар жиі ғаламтордағы ақпараттарға сүйенеді. Бірақ ол жерде арнайы мамандардың пікірлері жиі айтылмайды. Ғаламтор жүйесі бақылаусыз және жауапсыз ақпараттармен толтырылған, оны ешкім тексермейді, ал адамдар сенгіш болып келеді. Екпе жүргізген қауіпті деген бекім, дәйексіз және негізсіз. Кейбір ата — аналар Европа елдерінде балаларды екпейді дейді. Бірақ олай емес. Біздің медициналық ұйымдарға келгенде, шет елдіктердің қолдарында үнемі егу туралы құжаттары болады. Ал біз вакциналарды дәл сол Европа елдерінен сатып ала-

мыз, себебі дәл сол жақта жасалып шығарылады.

Дамыған әлемде қандайда бір сырқаттанушылыққа қарсы екпенің жүргізілмеуі мүмкін, егер ол сырқаттанушылық көп уақыттан бері тіркелмеген болса. Бірақ қазіргі уақытта ата-аналардың кішкентай балаларымен барлық елдерде белсенді саяхаттайтынын естен шығармауымыз қажет. Сондықтан да қандай да бір вирустың «өкелінуі» жоққа шығарылмайды. Әрине, осындай жағдайда екпемен қамтылған баланың сырқаттану қаупі жоғары келеді.

Сондай-ақ адам өзі ауырмайды, бірақ айналасындағыларға жұқтыруы мүмкін-бактерио тасымалдаушылық деген ұғым бар. Биотерроризмді ескеріп, қауіптілігін де естен шығармауымыз қажет.

Біздің заманымызда екпесіз өмір сүруге бола ма деген сұраққа нақты дәлелденген

жауап бар: жоқ, болмайды. Біріншіден, қоршаған әлемде жұқпалы аурулардың қоздырғыштары бар, оның ішінде тек зертханаларда сақталатын аса қауіпті жұқпалы аурулар да бар. Жұқтыру жағдайының болмауы мүмкін емес. Екіншіден, адамда жұқпаларға қарсы тұратын жеткілікті табиғи иммунитет жоқ. Үшіншіден, көптеген жұқпалы аурулардың емі жоқ, сондықтан жаңа заманның препараттарымен алдын-алу әлдеқайда тиімді және қауіпсіз. Қазіргі кезде пайдаланғаннан кейін асқынулар өте сирек жағдайда кездесетін вакциналар қолданылады.

Екпелердің бекітілген жалпы күнтізбесі бар, бірақ әрбір бала жеке қаралады, екпе салар алдында әрбір бала міндетті түрде тексеріледі. Әрқашан екпелердің варианттары бар және әрбір бала денсаулық жағдайына сәйкес жеке егіледі.

Екпелер — бұл жұқпалы аурулардан сақтанудың жалғыз сенімді жолы. Сіздің балаларыңыздың да қорғалуға құқығы мен мүмкіндігі бар.

К.ӘБІШБЕКОВ,
«Созақ аудандық орталық аурухана» ШЖҚ МКК иммунологы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3450 дана

Кезекші редактор:

M.Қарғабай.